

**«Ақтөбе облысында жеке меншікке берілетін жер учаскелері бойынша төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы» Ақтөбе облысы әкімдігінің 2011 жылғы 12 қазандағы № 328/415 қаулысы мен мәслихаттың шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде түсіндірме жазба**

Ақтөбе облысы бойынша Әділет департаментінің 2019 жылғы жергілікті мемлекеттік органдардың тіркелген нормативтік – құқықтық актілеріне жүргізілген құқықтық мониторингіне сәйкес, «Ақтөбе облысында жеке меншікке берілетін жер учаскелері бойынша төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы» Ақтөбе облысы әкімдігінің 2011 жылғы 12 қазандағы № 328/415 қаулысы мен мәслихаттың шешіміне келесідей өзгерістер енгізу қажет:

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2020 жылғы 12 маусымда №7176 тіркелген 2020 жылғы 5 маусымдағы №238/527 «Ақтөбе облысының кейбір елді мекендерін қайта атау және атаудың транскрипциясын өзгерту туралы» және нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2020 жылғы 23 қазанда №7560 тіркелген 2020 жылғы 15 қазандағы №372/567 «Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Басқұдық ауылдық округін Тұмабұлақ ауылдық округі деп қайта атау туралы» бірлескен Ақтөбе облысы мәслихатының шешімдіріне және Ақтөбе облысы әкімдігінің қаулыларына байланысты - Әйтеке би ауданының Комсомол ауылдық округі Комсомол ауылы Темірбек Жүргенов ауылы, Әйтеке би ауданы Комсомол ауылдық округі Темірбек Жүргенов ауылдық округі, Қобда ауданының Бегалы ауылдық округі Калиновка ауылы Бесқұдық ауылы, Әйтеке би ауданының Басқұдық ауылыдық округі Тұмабұлақ ауылдық округі деп қайта аталсын. Әйтеке би ауданының Басқұдық ауылыдық округі «Тымабұлақ» ауылы атауының транскрипциясы «Тұмабұлақ» ауылы деп өзертiлсiн.

Осы өзгерістерді енгізу облыс әкімдігінің және мәслихатының 12.10.2011 жылғы № 328/415 бірлескен қаулысын қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Бұл нормативтік құқықтық акті [auyl.aktobe.gov.kz](http://auyl.aktobe.gov.kz) сайтында орналастырылды.

2021 жылғы 11 ақпандағы № 17 «Ақтөбе» және «Актюбинский вестник» газеттерінде жарияланды.

Нормативтік құқықтық актінің жобасы бойынша Ақтөбе облысының Қоғамдық кеңестің 2021 жылғы 9 ақпандағы № 96 қорытындысы алынды.

Нормативтік құқықтық актінің жобасы Нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында 2021 жылдың 5 ақпанында орналастырылды. Қоғамдық талқылаудың мерзімі 2021 жылдың 19 ақпаныда аяқталды. Есептемені қарау 66 бірлік, комментарий түспеді.